Көне түркілердің руна жазба шығармалары мен таңба-бейнелерін арнайы тасқа қашап түсіруі қағаздың барында немесе жоғында емес, маңызы зор құнды рухани мұраларды қабырға тасқа жазу олар үшін аса қажетті қалыптасқан дәстүр болды. Ондағы түркілік рух, намыс, жігер өзара үйлесімділік тауып отырған. Олар табиғатқа табынып, жаратылыс заңдарын түсініп отырып, соған сәйкестендіріп, өздерінің дінін, дәстүрін қалыптастырған.

Табиғат заңы өзгермейтін мәңгілік болса, содан өрістеген көне түркі дүниетанымының философиясы да тозбайтын рухани мұра болып табылады. Тастағы шығармаға өзек болған тарихи оқиғадан бір ұғымды, бір идеяны көреміз.

Бірінші түрік қағанатының күш-қуаты кемеліне келіп халықаралық саяси беделінің шарықтап тұрған кезінің Мәңгі таста былай сипаттайды: «Көк түріктердің иесі иеліксіз осылай отырар еді. Білікті қағандар еді, алып қағандар еді. Бұйрықтары (қолбасшылар) да білікті еді, алып еді. Бектері де, халқы да түз (адал) еді. Сол үшін елді осынша тұтқан еді. Елін тұтып төрлі (билікті) етті. (Олар) өздері О дүниеге керек болды. Жоқтаушы, жылап-сықтаушы күншығыстағы бөклі шөлі елінен, табғач, тибет, абар, үрім, қырғыз, үш-құрыхан, отыз-татар, қытай (қидан), татабылардан бұнша халық келіп сықтады, жоқтады. Осындай күліг (даңқты) қағандар еді» [5, 61].

Түрік қағанаты өзінің гүлденуінің шарықтап тұрған кезінде Маньчжуриядан Керчь бұғазына дейінгі, Енесейдің бастауынан Әмударияның бастауына дейінгі кеңістікке созылып жатты. Сөйтіп түрік қағандары алғашқы еуразиялық империяларды құрушылар болды. [8, 82].

Бірақ мықты орталықтандырылған мемлекет құрылмағандықтан, мұрагерлер билікке таласып, елдің әлсіреуіне алып келді. Саяси ынтымақтың болмауынан қағанат екіге бөлініп кетті. Өзара билікке таласқан билеуші әулеттердің әрекетінен уақытша көршілері қытай империясының боданына

айналады. Қатал тарихтан сабақ алған түркі бабаларымыз бұл оқиғаны ұрпағына өсиет еткен сөздерімен қалдырды. Орхон-Енесейдегі мәңгі тас жазуларда тұрақтылық пен ел бірлігінің қаншалықты қымбат екенінін айтып кеткен.

Ол кезенді ескерткіштегі жазуда былайша күңірентеді: «Ұлдары қаған болған еді. Бірақ інісі ағасындай болмады. Ұлдары әкесіндей болмады. Біліксіз қағандар таққа отырған еді. Әлсіз қағандар отырған еді. Қолбасшылары да біліксіз еді, әлсіз болған еді. Бектері, халқы түзу, адал болмағандықтан, табғач халқының алдауына сенгендіктен, арбауына көнгендігінен, інілі-ағаларының кектескендігінен, бектері мен халықтың ымырасыздығынан түрік халқы елдігінен, елінен айырылды. Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғаш халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды», - деп сол уақыттағы түркі қоғамындағы басқарушы саяси элитаның жағдайын баяндайды [5, 61].

576 жылы Истеми қаған қайтыс болған кейін түрік қағанатында ықпалды саясаткер, алдындағы саяси оқиғаларды болжап біле алатын кемеңгер тұлға деңгейінде билік жүргізе алатын басшылар көп болмады. Мысалға Мұқан қағанның Төремен саясатта біліксіз, күштілердің ығына көнгіш болды. Тобаханның үлкен ұлы Әмірақ (қытайша Ань-ло) қой аузынан шөп алмайтын момын кісі болды. Истеми қағанның баласы Қара-Шор батыл, қайратты болғаны мен оның аяғынан шалатын қарсыластары жеткілікті болды. Осылайша түрік елбасшыларының арасында алауыздық болды.

Ұлы Түрік қағанатындағы саяси дағдарыстың басталуын Л.Н. Гумилев балайша сипаттайды: «Төніп келе жатқан трагедияның кіріспесі 581 жыл аяғында, Орхон жағасында түріктердің ұлы ханы Арыслан Тобахан ажалдың жақындағанын сезген кезден басталды. Ол өз ұлы Әмірақтан, елшілік-таспихтық жүйенің мұрагерлік заңына сәйкес, Мұқанханның баласы Төременнің тәж-тақты алу құқын мойындауды талап етеді. [10, 103].

Тобахан қайтыс болар шағында ұлы Әмірсаққа (қытайша Аньло) былай деп өсиет айтады: «бұл дүниеде әке мен ұл арасындағы жақындықтан артық туыстық сезім жоқ деп естуші едім. Бірақ менің ағам өз ұлына бауыры тартпай, билеген жерін маған тастап кетті. Мен өлгеннен кейін Далабяннан аулағырақ жүргенің жөн» деген екен [11, 68].

Сонымен 581 жылы Ұлы Түрік Қағанатының қағаны Арыслан Тобахан қайтыс болады. Ханның өсиеті бойынша әрі тақ мәселесіндегі мұрагерлік заң бойынша Мұқан қағанның ұлы Төремен билік басына келуі тиіс болатын. Бірақ Бумынның мұрагері мезгілсіз беймәлім жағдайда 553 жылы қаза тапқан Қара Ыссықтың ұлы Шету қаған сайлау кезінде бүлік шығарып, Төременге қарсы шығады. Нәтижесінде мемлекет өз ішінен ыдырай бастайды. Бұл жағдайды жіті бақылап отырған қытайлар түрік қағанатының билеушілерін бір-бірімен араздастырып, елді азамат соғысына ұрындырады. Билік басында отырған дарынсыз қағандардың кесірінен, алдында болған тұлғалардың жетістіктерін, олардың орасан-зор қабілетімен күш-қуатының арқасында біріктірілген халықты ұстап тұра алмай жігерсіздік танытады. Соның салдарынан түркі халқы 630 – 680 жылдар аралығында қытайға бағынышты күйге тап болады.

Күлтегін ескерткішіндегі жазуда түркілердің қайғылы тағдырынан хабар бере отырып, олардың қытайға сіңісіп, жұтылудың аз-ақ алдында тұрғаны айтылады. Іргелі тайпалардың арасында ынтымақ-бірліктің болмауынан, өзара сенімнің жоқтығынан, өзгені зор тұтып, өзінікін қор тұтқанынан түрік халқы елдігінен айырылып қала жаздайды. Ынтымағынан айрылған, халқын оятып оң іске бастайтын басшысы болмағандықтан түріктер елу жылдай қытайлардың бағынышты боданы болды. Қытайлар Ұлы Даланы бағындырған соң олардың жерін жаулап, байлығын тонады.

Бумын, Мұқан, Истеми, Таспар қағандардың кезінде мықты мемлекет болып, көршілерімен терезесі тең, кей жағдайда өзінің дегенін жүргізіп, геосаяси ойындардың басты ойыншысы болған түрік қағанаты кейін билік басына келген дарынсыз билеушілерінің кесірінен және оларға тірек болуға тиіс біліксіз қолбасшылары мен бектерінің ісінен құлдырып, VII ғасырда қытайға бағынышты күйге түседі. Олар бағынышты болып тұрған кездерінде ешқандай материалдық немесе қанаушылық қиындықты көрмеген. Түріктер үшін тәуелсіздігінен айырылып жат жерліктерге бағынышты болу ауыр шексіз азап пен қорлықтың белгісі саналады. Түріктер үшін ең қымбат қазына бастарының еркіндігі мен бостандығы болып табылады.

Енді түрік халқы еркіндік алу мақсатында азаттық күреске шығады. Бірақ бірден дегендеріне жете алмай күйзеліске де түседі. Себебі, елді біріктіріп жеңіске бастайтын тұлға болмады. Түріктердің жеңіліс тауып, қытайларға бағынуына елдегі билік үшін талас, бектердің арасындағы алауыздық және халықтың басшыларына қағандықты ұстап тұруына деген сенімсіздігінен болды. Саяси дербестікке жетуге нық бекінген Көк түріктің билеушілері халықты оятуға тырысады.

Түріктің күллі қара халқы былай десті: «Елді халық едім, елім енді қайда? Кімге елдік құраймыз?» -десті. «Қағанды халық едім, Қағаным қайда? Қай қағанға күш-қуатымызды береміз десті. Осылай деп Табғаш қағанға жау болды» [5, 62].

Бұл мәтіннен біздің түсінгеніміз азаттықты аңсаған түркі халқы ұрпаған құлдықтың қамытынан босату үшін жан алып, жан беріскен майданға аттанған.

Күші айқын басым қытай империясына қарсы көтеріліске шыққан түркі халқы майданда асқан ерлікпен шайқасқанына қарамастан ауыр жеңіліске тап болып ажал апатына ұшырай жаздағанда олар «біреудің тепкісіне жаншылғанша, өзіміз-ақ жойылайық» деп айтады. Сол кезде түркілерді өздерінің табынатын сиынатын Тәңірі қолдап шығады. Бұл Тәңіршілдік түріктердің басты дүниетанымы болды.

Бұл мәтін Күлтегін ескерткішінде былай жалғасады: «Сонда көктегі түркі Тәңірісі, Түріктердің қасиетті жері, Қасиетті суы былай депті: «Түркі халқы жойылмасын депті, Түркі халқы ел болып өмір сүрсін» депті. Тәңірі өз биігінде тұрып басшылық етті. Әкем Елтеріс қағанды шешем Елбілге қатынды тәңірі халықтан жоғары көтерді. Әкем қағанға он жеті ер еріпті», - дейді [5, 62].

682 жылы Құтлық Қытайға қарсы көтерілді [10, 271]. Ашина әулетінен шыққан, қытайша білім алған Құтлық ұзақ жылдар бойы аяусыз езгі көрген, құлдық пен күндіктің азабын тартқан түрік халқын қытай империясына азаттық көтеріліске бастап шығады. Құтлық қолбасшы жеңіске жеткізетін әскерді жасақтап оларды партизандық күрес тәсілімен де соғысуға үйретті. Ақылды және айлакер соғысудың әдіс тәсілін жетік меңгерген Құтлық қытайға қарсы көтеріліс жасаудың бұрынғы ескі сарынын пайдаланбай, жаңа шешім қабылдай білді. Әскерді басқаруға түріктердің текті руларынан шыққан ақсүйектердің ұрпақтарын және қытайша білім алған, солардың дәстүр-салтын, әскери қорғаныс ережесін білетін, оқыған, ақылды адамдарды тартты. Өзінің серіктерін жақын сенімді туыстарын да жауапты істерге пайдаланды. Өзін хан жариялаған соң екі інісіне жабғы атақ-дәрежесін берді. Мемлекеттің құрылуына үлкен рөл ойнаған қытайша білім алған, табғаш елінің ішкі, сыртқы жағдайын жақсы білетін айлалы саясаткер, ақылгөй Тоныкөкті өзіне серік етіп, оған әскери күштерді нығайту мен дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуді тапсырды.

Құтлық тек қытайлармен соғысып қана қоймай, оның айналасындағы тоғыз-оғыз, қырғыз, құрықан, татар және басқаларға жорық жасайды. Солардың бәрін бағындырып түркі қағандығын орнату үшін үнемі жорық үстінде болады. 684-689 жылдары түріктер Қытайдың Шо-чжеу және Дай-чжеу өлкелеріне шабуыл жасап, көптеген шенеуніктерді, әскери адамдарды қырып кетті. Цзун-цай-шань тауы маңындағы шайқаста Құтлық қытайларды күйрете жеңіп, жаудың 5 мың адамын жер жастандырды. 687 жылы Хуанхуаду маңындағы соғыста түркілер қытай әскерін айқын басымдылықпен тізе бүктірді [10, 272].

Құтлық қаған атанып екінші Түрік қағанатын қуатты мемлекет дәрежесіне көтерді. Осындай зор жетістігі үшін түрік халқы Құтлыққа Елтеріс қаған (елді теруші, жинақтаушы мағынасында) деген құрметті атақ берді. Түрік халқын құрап іргелі ел еткен Елтеріс 693 жылы дүние салады [8, 21].

693 жылы Көк түріктердің ел басқарудағы заңы бойынша Елтеріс қағаннан соң билік басына оның туған інісі 27 жастағы Қапаған қаған келді. Ол ағасы билік етіп тұрғанда аты шығып танымал болып, Мочур шад атанған. Қапаған таққа отырған соң түрік тайпаларын біріктіруді одан ары жалғастырып жорықтар жасап, көнбегендерін күшпен бағындырады.

Қапағанның тұсында Шығыс және Батыс қағанаттардың жері бір билеушінің қол астына біріктіріліп, Екінші түрік қағанаты айналасындағы елдер санасатын қуатты әскери мемлекетке айналады.

Түркі тарихында әскери өнерді және ақыл мен айланы жетік меңгергендігімен танымал болған Қапаған қаған түркі мемлекетін саяси-экономикалық тұрғыдан нығайтып, түріктерді Өтікенге жинап, елді империя дәрежесіне жеткізуді алдына басты мақсат қылып қойды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қаған үнемі жорық үстінде болды. 694 жылы Қапаған басты саяси қарсыласы Қытайды бағындырады [3, 83].

Қапаған түркі халықтарының біріктіруде ұлы жорықтар жасап, түркі империясын орнатуда осындай төңкеріс жасады. Бұл мақсатты орындаудағы атқарылған күрделі істер Күлтегін ескерткішінде былайша баяндалған: «Ілгері (Шығысқа) Қадырхан қойнауынан асыра, халықты осылайша қондырдық. Анша (осылай) еттік. Батыстағы Кеңу-Тарманға дейін Түркі халқын қоныстандырдық. Осылай еттік. Ол уақытта құл – құлды болған еді, Күң – күңді болған еді. Інісі ағасын білмес еді. Ұрпағы әкесін білмес еді. Осылай иелік еткен, осылай ел еткен төріміз (билік) еді.» [5, 62].

Бұдан біздің көзіміз жетіп отырған мәселе Қапаған ағасы Елтеріс қағанның ісін ары қарай табандылықпен жалғастырып, әдісі мен айланы қатар пайдаланып, алға қойған мақсатын орындаған

және түркі жерін бұрынғыдан да кеңейтіп халқын бейбітшілікке, молшылыққа жеткізген ірі тұлға болған.

Күлтегін жазбасында Құтлық-Елтеріс қағанның екі баласы жорыққа өзгелерден гөрі көбірек шығып, ерен ерліктер жасаған болып көрінеді. Бұл таза тарихи шындық еді. Өйткені Күлтегін мен ағасы Могилян жастайынан соғыс майдандарында жүрді. Қапаған қағанның тұсында талай жорықтарға қатысып, айтулы жеңістерге жеткен болатын.

Білге қаған мен Күлтегіннің түрік империясын орнатуда жерді кеңейтіп, елді көбейту бағытындағы ірі істері олардың ел билігін өз қолдарына алған кезеңіне сәйкес келеді. Бұған Л.Н. Гумилевтің: «Қағанатты күйреуден құтқару Күлтегіннің үлесіне тиеді. Ол төрт жылы бойы (711-715 ж.) Қарлұқтармен шайқасып, тек 716 жылы ғана әулиелі Тамағ тауы маңында олардың әскерін күйрете жеңді, сөйтіп оларды қағанатқа бағынуға мәжбүр етті», - деп жазған мәліметі дәлел бола алады [11, 312].

Күлтегін ескерткішіндегі «Біз қасиетті Тамағ Ыдүк басында шайқастық. Күлтегін ол соғыста отыз жаста еді. Алып шалысты ағын мініп опыра шапты. Екі ерін ұмтылып шаншыды. Қарлұқтарды қырдық, алдық» [5, 64] деген жолдары Л.Н. Гумилевтің келтірген мәліметіне сәйкес келеді.

716 жылы Қапаған қаған тоғыз-оғыздарға қарсы әскер бастап жорыққа шығады. Орданы қорғауды Күлтегінге тапсырады. Түріктердің қозғалысынан хабардар болып отырған қарлұқтар қолайлы сәтті пайдаланып қалмақ болып, ордаға шабуыл жасады.

Күш тең емес ұрыста Күлтегін бүкіл айбын-ерлігімен қорғана ұрыс салып, не өлім немесе күң болу қауіпі төнген әйелдер мен балаларды қорғап, өзін тағы да даңқа бөледі. Сондай-ақ бұл оқиға Мәңгі тастағы жәдігерде «Күлтегін жетімек ағын мініп, тоғыз ерін шаншыды. Орданы жауға бермеді. Анам...кейінгі шешелерім, әпкелерім, келіндерім, ханымдарым-солардың бәрі күң болатын еді. Өлігі жұртта, жолда қалатын еді», - деген жолдармен жазылған [5, 64].

Екінші түрік қағанатының күшейіп бара жатқанынан қатты қауіптенген Тан әулеті қолдарынан келген барлық амалдарын пайдаланып, мемлекетті жоюға кіріседі. Қытайлар бұл күресте түркі халықтарын бір-біріне айдап салып, жекелеген билеушілерін астыртын қолдап, арандату әдістерін де қолданды [3, 84].

Қапаған қаған 716 жылы Төл өзені бойындағы Байырқу тайпасын жеңіп, жорығынан қайтып келе жатқанда қапылылыста қазаға ұшырайды. Қаған өлген соң мұрагерлік туралы мәселе туды. Себебі Қапаған қаған көзі тірісінде түріктердің билік туралы заңын бұзып, өзінің мұрагері ретінде үлкен ұлына «Күшікхан», яғни «кіші хан» деген құрметті атақ беріп қойған болатын. Сондықтан тақты Қапаған қағанның үлкен ұлы иемденеді. Бұл саяси шешім заңды ашық түрде бұзу болып табылды. Көк түріктерде тақты ағасы інісіне мұра етіп қалдырып отырған. Содан соң ғана немере інілерінің үлкені ағасының мұрагері атанған. Түріктердің ескі заңы бойынша мұрагерлік Құтлық-Елтеріс қағанның үлкен ұлы тардуштардың шады Могилянға тиісті еді. Іс жүзінде билік түріктердің «Мәңгі Елінің» көсемі жеңімпаз әскербасы Күлтегін батырдың қолында болды. Бұл орынсыз шешімге көнбеген Күлтегін әскери төңкеріс жасап, инициативаны өз қолына алып осының алдында өзі асқан ерлікпен қорғаған ордаға өзі шабуыл жасады.

Орданы басып алып, билік тізгінін қолына алған Күлтегін жаңадан сайланған қаған мен Қапаған қағанның кеңесшілерін түгел өлім жазасына кеседі. Тек қана бір Тоныкөкті аман қалдырады, өйткені оның қызы Пофу Могилянның әйелі еді. Тоныкөктің мансабын тартып алады да, еліне қайтарады. Осы оқиғалардың кезінде Түргештердің көсемі Сұлу өзін-өзі хан жариялайды. Көптеген түрік тайпалары толқи бастайды. Сондықтан Могилян Тоныкөкті сарайға шақырып алып, оған тарханның шені мен мемлекеттік кеңесшісі қызметін қайтарып берді [10, 279].

716 жылы Өкіметті күшпен басып алған Күлтегін ескі заңды бұзбады, хан атағын қабылдамады. Таққа ағасы Могилянды отырғызып, оған «Білге қаған» деген лауазымды алып береді. Күлтегін көк түріктердің «Мәңгі елінің» іс жүзіндегі көсемі және әскердің бас қолбасшысы әрі қағанаттың нақты қожасы болды. Олар мемлекетке Тоныкөкті кеңесші қылып, түркі қағандығын нығайтуды қолдарына алады.

«Құдіретті үштіктің» – Білге қағанның, Күлтегіннің және Тоныкөктің мақсаты – Қағанатты қалпына келтіру болатын [11, 317]. Олар өздері ел еткен халықты жаудан қорғап, түріктерді кең-байтақ жерге орналастырып, Ұлы Даланы құтты мекенге айналдырған. Түрік халқының бейбіт өмірі үшін дүниенің төрт бұрышына жорық жасады. Қарамағына енген ру-тайпаларға күш көрсетпей олардың басын біріктіріп, азат ел қылған, бейбітшілікке көндірген. Бұл бейбітшілік кезеңді Күлтегін ескерткішінде былай баяндайды «Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт қылдым. Жаусыз қылдым. Бағынып

менің қол астыма кірді. Ісін-күшін берді. Осындай төрді (билікті) басқарып інім Күлтегін өзі бұл дүниеден өтті» [5, 63].

Сөйтіп, Білге қаған – Түйұқық – Күлтегін, яғни «үштік» жүргізген қағанаттың ішкі және сыртқы саясаты өз нәтижесін берді. Қапаған хан басқарған кезеңдегі «аш-жалаңаш» тозған елді «үштік» киіндірді, байытты және көбейтті. Нәтижесінде 722-741 жылдар арасы түріктер үшін тыныштық орнаған уақыт болды [13, 78].

Түрік елі өз егемендігін, далалық көшпелі болмысын, шынайы табиғатын сақтап, қорғаумен болды. Олар ешқашан жат бөтен бір этносты немесе белгілі бір ұлысты жойып жіберетін саясат ұстанған емес, ондай қанды жорықтар тек қана бағымсыздық үшін жасалып келген еді [14, 112].

Түрік Елінің жиһангер қолбасшысы Күлтегін көшпелілер тарихында ең көрнекті көсем, баһадүр тұлғалардың бірі. Олатақты Мөде, Аттила, Шыңғыс қағандармен парапар, тіпті өзі қаған аталмағанымен күллі көшпелі этностарды көк байрақтың астына біріктіруші, Ұлы Түрік қағанатының сабақтастығын, әскер жорығын, дәстүрлі заңын жалғастыра білген кемеңгер ер, дара тұлға. Оның қолбасшылық дарыны мен әскери қабілетіне, жеке басының ерлігіне төтеп берген адам баласы ол заманда болған емес [4].

Күлтегін жырының басты идеясы - түркі халқын ауызбірлікте болуға, салт-дәстүрін берік ұстауға, сыртқы жауға қарсы тұруға шақырады. Елге тірік болған даңқты қолбасшы Күлтегін түркі халқының жауынгерлік рухын асқақтатты. Тастағы жазуда Күлтегін бейнесі теңдесі жоқ батыр, әйгілі қолбасшы есебінде көрсетіледі.

Түріктер тәуелсіз мемлекетін сақтап қалу және оны дамыту үшін атадан жеткен асыл мұра – жерді көзінің қарашығындай сақтады. Отанға деген сүйіспеншілік Күлтегін жазба ескерткішінде де анық сипатталған. Сондықтан орталық Өтүкен түріктер ұғымында қасиетті деп саналған [15, 372].

Б.з.д. III ғасырда ғұн мемлекетінің басшысы Мөде тәңірқұт: «Жер – мемлекеттің негізі», - деп келер ұрпаққа Мәңгілік өсиет қалдырды [9, 48]. Жер мәселесі бүгінгі ХХІ ғасырда да ең өткір проблема болып саналады. Түріктер үшін ең асыл мұра ол – жер болып саналып, олар халқына пана болатын қасиетті Жерұйық іздеген. Ол Жерұйық Түркілер үшін Өтүкен қойнауы екен. Күлтегін бітік тасындағы жазуда: «Өтүкен жерінде отырып, керуен аттандырып қойып отырсаң, онда мұның жоқ. Өтүкен жынысында отырсаң Мәңгі ел тұтып отырар ең сен» - деп анық жазылған [5, 65]. Бұл біздің ойымызша, қағанаттың астанасы. Мүмкін жаз жайлайтын елордасы болар... Және бір ерекшелік – Өтүкен мекені Білге қаған тұсындағы тарихпен байланысты еске алынады. Ендеше, байырғы түркі мемлекетінде Елордаға, оның айырықша мәртебесіне тағзым ету танымы орныққан [16, 78].

Бұдан шығар қорытынды Түрік Елі империясының негізгі ордасы, киелі қара шаңырағы, жер ұйығы – «Өтүкен» болып келген. Демек осы өңір мыңдаған жылдар бойы далалық өркениеттің кіндігі, сарқылмас бастау бұлағы болды.

Түрік қағанатының VI-VIII ғасырлардағы тарихы мен тағдыры Күлтегін жазуларында қаз-қалпында тасқа қашалып жазылып қалған. Сол замандағы мемлекетшілдік сананың жоғары болғандығы сонша арада мың жылдан артық уақыт өтсе де Күлтегін жазуларын оқи отырып, байырғы түркі өркениетінің экономикалық, геосаяси, әлеуметтік, дүниетанымдық құндылықтарын, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында қастерленген ұстанымдарын қаз-қалпында тануға болады [16, 72].

731 жылы Күлтегін қайтыс болады [9, 282]. Батырдың қайтыс болғанын естіп, оның қазасына дүниенің төрт бұрышынан көңіл айтуға елдер мен мемлекеттерден елшілер келеді.

Білге қаған Күлтегіннің қайтыс болғанын хабарлап, арнайы киелі орын құрылысын тұрғызатын шеберлер мен бәдізшілерді жіберуін өтініп, Тан империясынан көмек сұрайды. Ол туралы Күлтегін ескерткішінің мәтінінде Білге қағанның атынан «Менің сөзімді қайтармады (сындырмады). Табғач қаған (император) Орда бедерлеушісін (шеберін) жіберді», - деген мәлімет қалған [17, 120].

Қытай империясының тарапынан жіберілген елшілердің құрамында Орхон өзені жағалауынан тамаша монумент тұрғызған шеберлер болды. Бітік тастағы жазуларда Күлтегінді жерлеу рәсімі ежгей-тегжейлі сипаталды. Бұдан біз VIII ғасырдағы халықаралық қарым-қатынастар деңгейінің қаншалықты жоғары болғандығын көреміз.

Түрік тайпаларының біріктіріп, мемлекетке айналдырудағы ұлы жорықтарда қаһармандық істерімен атағы жайылған Күлтегін батырдың зор жетістіктерін туған ағасы Білге қаған інісін мәңгі есте қалдыру үшін арнай өзі дайындатқан зәулім қабырға тасқа көне түрік бітіктің таңба-әрпімен жазу жазып, тарихи дерек ретінде, баласы Иоллығ-тегінге жаздырып, келер ұрпаққа өсиет етіп қалдырды. Күлтегін бітік тасына мәңгі жазуды қашап жазған адам әрбір сөзге, сөйлемге көп мағынаны сыйғызып жіберіп отырған. Барлық оқиғалар шындық тұрғысынан табиғи таза қалпында айтылған. Бұл

адамгершілікке негізделген дала өркениетінің және байырғы түріктердің философиялық-дүниетаным жүйесінің ерекшелігі болып табылады.

Осының бәрінен бүгінгі күнде біз сол заманда Ұлы Далада түріктердің бейбітшілік орнатып, сана-сезімдеріндегі асқақ мемлекетшілдік идеологиясының қалыптасқандығына көзімізді жеткіземіз.

Күлтегіннің құрметіне қойылған Мәңгі тас тек түрік халықтарының ғана емес, бүкіл адамзаттың баға жетпес тарихи мұрасы болып табылады. Осы Мәңгі тастағы саяси манифест ретінде жарияланған түркілердің «Мәңгі Ел» мемлекеттік идеологиясы бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясымен тарихи сабақтастықта жалғасқан маңызы зор құндылық болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы Жол – Болашаққа Бастар Жол». //Егемен Қазақстан. – 12 қараша 2014 ж.
2. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Зерттеуі. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 232 б.
3. Сыздықов С.М., Жанаев С.З., Жетпіс Ж. Мәңгілік ел идеясы: талқылауы, негізі, тарихи сабақтастығы. Астана: Фолиант. 2013. 320-б.
4. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері II том. Бас редактор Тасмағамбетов И. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.
5. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Алматы: Абзал-Ай. 2012. 324-б.
6. Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Екінші кітап. Орхондағы түркі руна жазба дастандары. Оқу құралы. Алматы: Білім, 2008. 409 б.
7. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2003. – 560 с.
8. Жолдасбеков М. Асыл арналар: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
9. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
10. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1. – Научное издание: ТОО «Жалын баспасы», 1998. – 390 с.
11. Л.Н. Гумилев Көне түріктер. Алматы: 1993. – 477 б.
12. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 480 б.
13. Сыздықов С.М. Қарлық – Қарахан мемлекеті: саяси тарихы және мәдени мұралары. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
14. Омаров Б. Көне түркі жазба ескерткіштері: жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары. – Алматы: Информ-А, 2005. – 256 б.
15. Тарих – адамзат ақыл ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т. 10: Түркі халықтарының тарихи ойы. – 392 б.
16. Абжанов Х.М. «Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология» Астана: Түркі академиясы. 2011. 364-б.
17. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

Шалдарбекова А.

К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

В исторической науке существует несколько подходов к изучению истории и культуры народов. Цивилизационный подход, основанный учениями А. Тойнби и О. Шпенглера и продолженный работами ряда др. ученых [1], на наш взгляд, наиболее полно раскрывает историю тюркских народов - представителей древнетюркской цивилизации. Л. Н. Гумилев в своих трудах также отходит от общепринятого формационного подхода и, углубляясь в события древности, большое значение придает природно-климатическим факторам сложения особого способа производства – кочевого хозяйства, а также находит нестандартные для своего времени объяснения на вопросы - каким образом гунны смогли создать империю и держать под своим управлением огромные территории евразийских степей, как взаимовлияли друг на друга Великая степь и Древняя Русь, а также затрагивает другие многочисленные темы по истории и культуре тюркских народов [2].

По мнению автора, основным отличием между формационным и цивилизационным подходами в объяснении и реконструкции исторических событий является не только деление на формации или